

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 436 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 16212 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-9) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 436 бұйрығымен
бекітілген

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4-9) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Тариф белгілеудің ынталандырушы әдісі субъектілер үшін мынадай:

1) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 8625 болып тіркелген) сәйкес бекітілген тарифтердің шекті деңгейлерінің қолданылу мерзімінің өтуі;

2) бір саланың реттелетін нарығында екі және одан астам ұқсас субъектілердің болуы (салыстырмалы талдауды жүзеге асыру мүмкіндігі кезінде);

3) тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдануға табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық және технологиялық дайындығы жағдайларында қолданылады.

3. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке Х-фактор – уәкілетті орган бекіткен, реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге жұмсалатын субъекті шығыстарының бірдей немесе нашар құрылымдық параметрлері кезінде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға

уәкілетті орган айқындаған ең төменгі шығыстарға қатысын сипаттайтын субъекті қызметінің тиімділік көрсеткіші;

2) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) құрылымдық параметрлер – субъекті қызметінің тиімділігіне және шығыстарына елеулі әсер ететін субъектінің сандық көрсеткіштері, олардың тізбесін жеке X-факторларды бағалау мақсатында реттеліп көрсетілетін қызмет бөлінісінде уәкілетті органның ведомствосы айқындайды;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтер – табиғи монополия саласындағы субъекті ұсынатын және тұтынушыға белгілі бір тауарды беру түрінде көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

5) салалық X-фактор – Әдістемеге сәйкес тиісті салаға жатқызылған есептеу формуласында табиғи монополия саласындағы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу формуласында ескеру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы бекіткен экономиканың факторлық өнімділігіне қатысты саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқынын сипаттайтын саланың тиімділік көрсеткіші;

6) саланың факторлық өнімділігі – қолданыстағы өндіріс факторларын (еңбекті, капиталды) тиімді пайдалану (қосымша кеңейтусіз) арқылы қол жеткізілген саланың өнімділігі, Әдістеменің 30-тармағына сәйкес бағаланатын өсу қарқыны;

7) стандартты ауытқу – Әдістемеге сәйкес уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі айқынған орташа мәнге қатысты деректердің шашыраңқылығын сипаттайтын статистикалық шама;

8) субъектінің шығыстар, кірістер және реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтер туралы есебі – субъектінің шығыстар, кірістер және реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтер туралы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысанға сәйкес уәкілетті органның ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшелеріне жыл сайын ұсынатын мәліметтері;

9) табиғи монополия субъектісі (бұдан әрі – субъект) – табиғи монополия жағдайларында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызметтерді ұсынумен айналысатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

10) тариф белгілеудің ынталандырушы әдісі – субъекті қызметінің тиімділігін арттыруға және олардың реттеліп көрсетілетін қызметінің сапа стандарттарын сақтауына қарай тарифті белгілеуді көздейтін, субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу әдісі;

11) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

13) экономиканың факторлық өнімділігі – қолданыстағы өндіріс факторларын (еңбекті, капиталды) пайдалану (қосымша кеңейтусіз) арқылы қол жеткізілген экономиканың өнімділігі Әдістеменің 32-тармағына сәйкес бағаланатын өсу қарқыны.

2-тарау. Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті қалыптастыру

4. Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті (бұдан әрі – тариф) қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) тарифті қалыптастыру бойынша жалпы ережелер;
- 2) салалық X-факторды есептеу;
- 3) әрбір субъекті үшін жеке X-факторды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің тізбесін қалыптастыру;
- 4) ұқсас субъектілердің тізбесін (тізбелерін) және (немесе) олардың топтарын қалыптастыру;
- 5) жеке X-факторларды бағалау;
- 6) тарифті есептеу үшін субъекті мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстардың дұрыстығын талдау;
- 7) пайданы есептеу.
- 8) субъектінің тарифін есептеу;
- 9) оның ішінде инвестициялық бағдарламаға қарай, реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиімділік және сапа стандарттары көрсеткіштерін орындаудың мониторингі және бақылау жүйесі;
- 10) төлем көздерін айқындай отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа стандарттарын сақтағаны/сақтамағаны үшін бонустар/айыппұлдар (айыппұл санкцияларын) есептеу, айыппұлдар (айыппұл санкцияларын) салу тетігі.

1-параграф. Тарифті қалыптастырудың жалпы ережелері

5. Уәкілетті органның ведомствосы өз бетінше (реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті бекітуге субъектінің өтінімін алуға қарамастан)

салалық және жеке Х-факторларды бағалау бойынша жұмысты бастау үшін немесе бекітілген Х-факторлардың қолданылу кезеңі кемінде күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен кейін аяқталған жағдайда саланы айқындайды.

6. Уәкілетті органның ведомствосы белгілі бір саланың табиғи монополиялар аяларында субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін салалық және жеке Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыстың басталғаны туралы баспасөз хабарламасын өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

7. Уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен баспасөз релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде құрамында кемінде 9 (тоғыз) адам болатын Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы құрылады.

8. Уәкілетті органның ведомствосы бұрын бекітілген салалық және жеке Х-факторлардың қолданылу кезеңі өткенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын белгілі бір саланың табиғи монополиялар аяларындағы субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерде ескерілетін жаңа салалық және жеке Х-факторларды 5 (бес) жыл қолданылу кезеңіне Әдістемеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісінше салалар бөлінісінде бекітеді. Уәкілетті органның ведомствосы салалар бөлінісінде салалық және жеке Х-факторларды бекіту туралы бұйрықты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

9. Толық күнтізбелік 5 (бес) жылда салалық Х-фактордың қолданылу кезеңі: бұрын бекітілген салалық Х-фактордың (бар болған кезде) қолданылу кезеңі аяқталған күннен бастап;

уәкілетті органның ведомствосы айқындаған күннен бастап басталады.

10. Әрбір сала үшін уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10469 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тізбесіне сәйкес осы саланы табиғи монополиялар аяларына жатқызылған барлық реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерде ескерілетін, оның әрбір қолданылу жылына біртұтас жеке Х-факторды бекітеді.

11. Субъектінің тарифті қалыптастыру бойынша жұмысты бастау үшін негіз субъектінің тариф белгілеудің ынталандыру әдісін ескере отырып тарифті бекітуге өтінімінің келіп түсуі болып табылады.

12. Өтінімге субъект мынадай ақпаратты қоса береді:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін (инфляция) есепке алусыз, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен

бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде пайдаланылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 8480 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) сәйкес қалыптастырылған субъекті мәлімдеген тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бес жылдық кезеңдегі субъектінің тарихи және болжамдық шығыстары;

бес жыл және одан астам мерзімге инвестициялық бағдарлама (жоба) жобасы не қабылданған шешімнің нөмірін және күнін көрсете отырып бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуын растайтын құжат;

іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу; инвестициялық бағдарламаны (жобаны) жүзеге асыруға дейін пайдаланылатын және жылдар бойынша ұзақ мерзімді кезеңдегі инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыру кезінде пайдалануға енгізілетін негізгі қаражаттарға амортизациялық аударымдарды есептеу;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемін растайтын құжаттар;

уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 435 бұйрығымен бекітілген Тиісті салада (аяда) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің стандарттарын қалыптастыру және сапасын бағалау әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 16211 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарттар жөніндегі әдістеме) сәйкес бекіткен субъектінің көрсетілетін қызметі сапасының стандарты.

13. Өтінім түскен кезде уәкілетті органның ведомствосы мұндай өтінім түскен кезден бастап күнтізбелік 7 күн ішінде:

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу жөніндегі жұмыс тобын (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрады;

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу бойынша жұмыстың басталғаны туралы баспасөз хабарламасын өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

14. Жұмыс тобы уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен құрамында кемінде 9 (тоғыз) адамнан құрылады.

15. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеу формуласында субъекті тарифтің қолданылу мерзіміне мәлімдеген уәкілетті органның ведомствосы бекіткен салалық және жеке X-факторлар есепке алынады

16. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеу кезінде ақпараттың мынадай көздері пайдаланылады:

- 1) субъектілерден алынған мәліметтер;
- 2) субъектілердің көрсетілетін қызметтердің сапа стандарттарын сақтауы туралы мониторинг деректері;
- 3) құзыретті органдардан алынған мәліметтер;
- 4) мемлекеттік статистикалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан алынған мәліметтер;
- 5) субъектілерден және уәкілетті органның жанындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен алынған мәліметтер;
- 6) басқа да ақпарат көздері.

17. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тариф есептеуді жүргізу кезінде оны көрсету шығыстарын бақыланатын және бақыланбайтын деп бөледі.

18. Бақыланбайтын шығыстарға мынадай шығыстар жатады:

- 1) тізбесі табиғи монополиялар туралы заңнамада айқындалатын стратегиялық тауарларды сатып алуға арналған материалдық шығыстар;
- 2) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдарға мен төлемдерге жұмсалатын шығыстар;
- 4) тиісті салада (аяда) пайдаланылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптарды есептеулерге сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейімен байланысты шығыстар.

19. Субъектінің бақыланатын шығыстарына бақыланбайтындарға жатпайтын және Айрықша тәртіпке сәйкес тарифте ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстар жатады.

Тарихи бақыланатын шығыстарға тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес субъектінің өтінім беруінің алдындағы бесжылдық кезеңдегі субъектінің нақты шығыстары жатады.

20. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті бекітуге өтінімін уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі Әдістемеге сәйкес субъектінің оны берген сәтінен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн ішінде қарайды.

21. Егер реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті бекіту үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі оны субъектіден жазбаша түрде ұсыну мерзімін белгілеумен, бірақ кемінде бес жұмыс күні ішінде сұратады.

22. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті бекіткенге дейін оның жобасын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 219 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 10742 болып тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаның жобасын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі өткізетін жария тыңдауларға шығарады.

23. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулардағы талқылау нәтижелері бойынша субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті бекіту туралы шешім қабылдайды.

24. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті бекіту туралы бұйрыққа:

уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің бірінші басшысы қол қояды;

уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі субъектіге тарифті қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 35 (отыз бес) күннен кешіктірмей жолдайды;

уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз бес) күннен кешіктірмей субъектіге жолдайды.

25. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтің қолданылу кезеңін субъектінің тарифті бекітуге арналған өтініміне сәйкес белгілейді.

26. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті енгізу оны бекіткеннен кейінгі 35 (отыз бес) күннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

27. Субъект уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі бекіткен субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті енгізу туралы ақпаратты тұтынушыларға қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өзінің Интернет-ресурсында (бар болса) және субъекті өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы тұтынушының назарына жеткізеді.

2-параграф. Салалық X-факторды есептеу

28. Уәкілетті органның ведомствосы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салаға жатқызылған табиғи монополиялар салаларының реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін, салалық X-факторды есептеу бойынша оны әзірлеуді бастау туралы баспасөз релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде салалық X-факторды бағалауды жүзеге асырады.

29. Салалық X-фактор оның қолданылу кезеңінің әрбір жылына мына формула бойынша айқындалады:

$$X_{\text{сал},n} = \frac{X_{\text{сал}}^{\text{есепт}}}{N}$$

мұндағы

$X_{\text{сал},n}$ – әрбір жылға салалық X-фактор;

$X_{\text{сал},n}^{\text{есепт}}$

– есептік салалық X-фактор;

N – салалық X-фактордың қолданылу кезеңіндегі жылдар саны.

30. Есептік салалық X-фактор формула бойынша экономиканың факторлық өнімділігінің өсіміне қатысты саланың факторлық өнімділігінің орташа арифметикалық (алдыңғы салалық X-факторды әзірлеудің бес жылында) өсімін бағалау арқылы Торнквист индексі әдісімен айқындалады:

$$X_{\text{сал}}^{\text{жалпы}} = \frac{1}{5} \sum_{t=t_0-5}^{t_0-1} [(TFP_{\text{сал},t-1} - TFP_{\text{экт},t-1}) + (\text{ИЦП}_{\text{экт},t-1} - \text{ИЦП}_{\text{сал},t-1})],$$

мұндағы:

$X_{\text{сал}}^{\text{жалпы}}$

– есепті салалық X-фактор;

$TFP_{\text{сал},t-1}$

– $t-1$ жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны, % -да;

$TFP_{\text{экт},t-1}$

– t-1 жылына қарағанда t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны, %-да;

t0 – салалық X-факторды әзірлеу жылы;

ИЦП_{экт,t-1}

– Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің (бұдан әрі – СК) деректері бойынша айқындалған, %-да, t-1 жылына қарағанда t жылы технологиялық процесс үшін Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік кәсіпорындары сатып алған, материалдық-техникалық ресурстарға бағалардың өзгеруін сипаттайтын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағаларының индексі.

ИЦП_{салт,t-1}

– СК деректері бойынша айқындалған, %-да, t-1 жылына қарағанда t жылы технологиялық процесс үшін тиісті саланың Қазақстан Республикасының субъектілері сатып алған материалдық-техникалық ресурстарға бағалардың өзгеруін сипаттайтын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағаларының индексі. СК-да мұндай деректер болмаған жағдайда, ведомство t-1 жылына қарағанда t жылы, %-да тиісті саланың табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің өндірістік және инвестициялық шығыстарының өсуінің орташа арифметикалық қарқынын пайдаланады:

$$\text{ИЦП}_{\text{салт},t-1} = \sum_{i=1}^n \frac{(\text{ПЗ}_{it} + \text{ИЗ}_{it}) - (\text{ПЗ}_{it-1} + \text{ИЗ}_{it-1})}{\text{ПЗ}_{it-1} + \text{ИЗ}_{it-1}} 100\%,$$

мұндағы:

ПЗ_{it}

– i субъектінің t жылы i субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге шығыстар, кірістер және тарифтер туралы жыл сайынғы есептің негізінде айқындалған, тиісті саланың табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған өндірістік шығындары;

ИЗ_{it}

– i субъектінің t жылы i субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге шығыстар, кірістер және тарифтер туралы жыл сайынғы есептің негізінде айқындалған, тиісті саланың табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған инвестициялық шығындары;

n – тиісті саланың табиғи монополиялар аяларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің саны.

31. t-1 жылына қарағанда t жылының салалық факторлық өнімділігінің өсу қарқыны мына формула бойынша есептеледі:

$$TFP_{\text{сал } t,t-1} = \frac{\left(\frac{D_{\text{сал } t}}{D_{\text{сал } t-1}}\right)^{\frac{S_{\text{сал},t} + S_{\text{сал},t-1}}{2}}}{\left(\frac{K_{\text{сал } t}}{K_{\text{сал } t-1}}\right)^{\frac{S_{\text{сал}k,t} + S_{\text{сал}k,t-1}}{2}} \times \left(\frac{T_{\text{сал } t}}{T_{\text{сал } t-1}}\right)^{\frac{S_{\text{сал}l,t} + S_{\text{сал}l,t-1}}{2}}}$$

мұндағы:

$TFP_{\text{сал } t,t-1}$

– t-1 жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны;

$D_{\text{сал } t}$

– мынадай формула бойынша айқындалған, t жылы, мың теңгеде нақты (нақты мәнде, инфляциялық ықпалды нивелирлеу арқылы, яғни тұрақты бағаларда (бұдан әрі – нақты) белгіленген саланың ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ):

$$D_{\text{сал } t} = D_{\text{ном,сал } t} / \text{ИПЦ}_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$\text{ИПЦ}_t^{t_0-6}$

- СК деректері бойынша t0 - 6 жыл желтоқсанына қарағанда t жылы тұтыну бағаларының индексі, %-да. Индекс СК деректері болған кезде кез келген басқа жылдың тұрақты бағаларында алынуы мүмкін.

$D_{\text{ном,сал } t}$

– СК деректері бойынша айқындалған, мың теңгеде, t жылы ағымдағы бағалардағы саланың ІЖӨ. t жылы саланың ІЖӨ бойынша СК деректері болмаған жағдайда, ведомство тиісті саланың табиғи монополиялар аяларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің t жылғы кірістерінің сомасы пайдаланылады:

$$D_{\text{ном,салт}} = \sum_{i=1}^n D_{\text{суб}ti},$$

мұндағы:

$$D_{\text{суб}ti}$$

– тиісті саланың табиғи монополиялар аяларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін i субъектінің t жылғы табысы, мың теңге;

$$K_{\text{салт}}$$

– мынадай формула бойынша айқындалған t жылы саладағы негізгі құралдардың нақты құны:

$$K_{\text{салт}} = K_{\text{ном,салт}} / \text{ИЦП}_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$$K_{\text{ном,салт}}$$

– СК деректері бойынша айқындалған, t жылы ағымдағы бағаларда саланың негізгі құралдарының құны, мың теңге. Саланың негізгі құралдарының құны бойынша СК деректері болмаған жағдайда ведомство тиісті саланың табиғи монополиялар аяларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің t жылғы негізгі құралдары құнының сомасын пайдаланады:

$$K_{\text{ном,салт}} = \sum_{i=1}^n K_{\text{суб}ti},$$

мұндағы:

$$K_{\text{суб}ti}$$

– тиісті саланың табиғи монополиялар аяларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін i субъектінің t жылы негізгі құралдарының құны, мың теңге;

$$T_{\text{салт}}$$

– СК деректері бойынша айқындалған, t жылы тиісті салада бір адамға жұмыс істеген сағаттар саны, сағ/адам;

$$S_{\text{салк,t}}$$

– мына формула бойынша айқындалған t жылы сала кірістерінің жалпы сомасында негізгі құралдарды сатып алуға кірістердің үлесі:

$$s_{\text{сал}k,t} = 1 - s_{\text{сал}l,t}$$

$$s_{\text{сал}l,t}$$

– мына формула бойынша айқындалған t жылы саланың кірістерінің жалпы сомасында еңбекке ақы төлеу кірістерінің үлесі:

$$s_{\text{сал}l,t} = \frac{KЗ_{\text{сал}t}ЗП_{\text{сал}t}}{Д_{\text{ном,сал}t}},$$

мұндағы:

$$ЗП_{\text{сал}t}$$

– СК деректері бойынша айқындалған t жылы саланың орташа жылдық жалақысы, теңге/адам;

$$KЗ_{\text{сал}t}$$

– СК деректері бойынша айқындалған t жылы салада жұмыс істейтіндердің саны, мың адам.

32. $t-1$ жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқынын бағалауды оңайлату мақсатында уәкілетті органның ведомствосы мынадай формула бойынша лог-линеарлық нысанда жүзеге асырады:

$$tfp_{\text{сал}t,t-1} = (Д_{\text{сал}t} - Д_{\text{сал}t-1}) - 0.5 \times (s_{\text{сал}k,t} + s_{\text{сал}k,t-1}) \\ (k_{\text{сал}t} - k_{\text{сал}t-1}) - 0.5(s_{\text{сал}l,t} + s_{\text{сал}l,t-1}) \times (T_{\text{сал}t} - T_{\text{сал}t-1}),$$

мұндағы:

$$X_{\text{сал}t} = \ln X_{\text{сал}t} \\ X_{\text{сал}t} = (Д_{\text{сал}t}; K_{\text{сал}t}; T_{\text{сал}t})$$

$$tfp_{\text{сал}t,t-1}$$

– $t-1$ жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны.

33. t-1 жылына қарағанда t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TFP_{\text{эк}t,t-1} = \frac{\left(\frac{D_{\text{эк}t}}{D_{\text{эк}t-1}}\right)}{\left(\frac{K_{\text{эк}t}}{K_{\text{эк}t-1}}\right)^{\frac{s_{\text{эк}k,t}+s_{\text{эк}k,t-1}}{2}} \times \left(\frac{T_{\text{эк}t}}{T_{\text{эк}t-1}}\right)^{\frac{s_{\text{эк}l,t}+s_{\text{эк}l,t-1}}{2}}},$$

мұндағы:

$TFP_{\text{эк}t,t-1}$

– t-1 жылына қарағанда t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны;

$D_{\text{эк}t}$

– мынадай формула бойынша айқындалған, мың теңгеде, t жылы экономиканың нақты ІЖӨ:

$$D_{\text{эк}t} = D_{\text{ном,эк}t} / \text{ИПЦ}_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$D_{\text{ном,эк}t}$

– СК деректері бойынша айқындалған, мың теңгеде, t жылы ағымдағы бағаларда экономиканың ІЖӨ.

$K_{\text{эк}t}$

– мынадай формула бойынша айқындалған t жылы экономикадағы негізгі құралдардың нақты құны:

$$K_{\text{эк}t} = K_{\text{ном,эк}t} / \text{ИЦП}_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$K_{\text{ном,эк}t}$

– СК деректері бойынша айқындалған, мың теңгеде, t жылы ағымдағы бағаларда экономиканың негізгі құралдарының құны;

$T_{экт}$

– СК деректері бойынша айқындалған t жылы экономикадағы бір адамға жұмыс істелген сағаттардың саны, сағ/адам;

$S_{эkk,t}$

– мынадай формула бойынша айқындалған, t жылы экономика кірістерінің жалпы сомасында негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстардың үлесі:

$$S_{эkk,t} = 1 - S_{экл,t}$$

$S_{экл,t}$

– мынадай формула бойынша айқындалған, t жылы экономика кірістерінің жалпы сомасында еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстардың үлесі:

$$S_{экл,t} = \frac{KЗ_{экт}ЗП_{экт}}{Д_{НОМ,экт}},$$

мұндағы :

$ЗП_{экт}$

– СК деректері бойынша айқындалған, t жылы экономикадағы орташа жылдық жалақы, теңге/адам;

$КЗ_{экт}$

– СК деректері бойынша айқындалған жылы экономикада жұмыс істейтін адамдардың саны, мың адам.

34. t-1 жылына қарағанда t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқынын бағалауды оңайлату мақсатында уәкілетті органның ведомствосы лог-линеарлық нысанда жүзеге асырады:

$$tfp_{экт,t,t-1} = (Д_{экт,t} - Д_{экт,t-1}) - 0.5 \times (S_{эkk,t} + S_{эkk,t-1}) \\ (К_{экт,t} - К_{экт,t-1}) - 0.5 \times (S_{экл,t} + S_{экл,t-1}) \times (T_{экт,t} - T_{экт,t-1}),$$

мұндағы:

$$x_{экт} = \ln X_{экт}, X_{экт} = (D_{экт}; K_{экт}; T_{экт}).$$

$tfp_{экт,t,t-1}$

– $t-1$ жылына қарағанда t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны.

3-параграф. Тарифті есептеу формуласында ескерілетін әрбір субъекті үшін жеке X-факторды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің тізбесін қалыптастыру

35. Уәкілетті органның ведомствосы жеке X-факторларды есептеу мақсатында оларды әзірлеудің басталуы туралы баспасөз релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде осы реттеліп көрсетілетін қызмет үшін құрылымдық параметрлер тізбесінің жобасын қалыптастырады.

36. Уәкілетті органның ведомствосы жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін (бұдан әрі – құрылымдық көрсеткіштердің бастапқы тізбесі) жолдайды, ол Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең кіші тізбесін қамтиды.

37. Уәкілетті органның ведомствосы бастапқы тізбе жобасына (н) құрылымдық параметрлерді енгізеді (алып тастайды).

38. Уәкілетті органның ведомствосы Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне сәйкес, сол бір реттеліп көрсетілетін қызметті білдіретін, ол үшін жеке X-факторлар есептелетін субъектілердің тізбесін (бұдан әрі - субъектілердің тізбесі) қалыптастырады.

39. Уәкілетті органның ведомствосы жеке X-факторларды есептеу басталғаны туралы баспасөз релизі жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілерге Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін жеке X-факторларды бағалау кезінде пайдалану үшін құрылымдық параметрлердің жылдық тарихи деректерін ұсынуға сұрау салу жібереді. Құрылымдық параметрлер бойынша жылдық тарихи деректерді субъектілер жеке X-факторларды әзірлеуді бастаудың алдындағы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсету кезеңі үшін ұсынады.

40. Субъект құрылымдық параметрлердің мәндерін қалыптастыру кезінде ақпараттың мынадай көздерін пайдаланады:

- 1) жабдықтың техникалық паспорты;
- 2) мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілері және (немесе) объектілерді пайдалануға қабылдау (енгізу) актілері;
- 3) басқалар.

41. Субъект құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінің жобасын алған кезден бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына сұратылған ақпаратты ұсынады.

42. Реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъект уәкілетті органның ведомствосына бастапқы тізбе жобасынан қандай да бір құрылымдық параметрлерді толықтыру және (немесе) алып тастау жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

43. Субъектілерден бастапқы тізбенің жобасын жаңа құрылымдық параметрлермен толықтыру бойынша ұсыныстар алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы тиісті реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін барлық субъектілерден субъектілер ұсынған құрылымдық параметрлер бойынша мәндерді қосымша жинауды ұйымдастырады.

Егер қандай да құрылымдық параметр 10 %-дан (он пайыздан) артық субъектіде болмаса, онда бұл құрылымдық параметр түпкілікті тізбеге қосылмайды.

44. Уәкілетті органның ведомствосы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін қалыптастырады, ол:

- 1) 50%-дан (елу пайыздан) артық субъектіні алып тастауды ұсынғандарды қоспағанда, бастапқы тізбе жобасынан алынған құрылымдық параметрлерді;
- 2) субъектілер ұсынған құрылымдық параметрлерді (болған кезде) қамтиды.
- 3) бастапқы тізбе кемінде үш, бірақ оннан аспайтын құрылымдық параметрді қамтиды.

4) 45. Құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен уәкілетті органның ведомствосы регрессиялық талдау жүргізу арқылы статистикалық маңызды құрылымдық параметрлерді бөледі.

5) 46. Белгілі бір реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін барлық субъектілерден алынған бастапқы тізбеден s әрбір құрылымдық параметр мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_{s_i}),$$

мұндағы:

$$X_{11}' = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ x_{11}^s \\ \dots \\ x_{11}^{s'} \end{bmatrix}, \dots, X_{it}' = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ x_{it}^s \\ \dots \\ x_{it}^{s'} \end{bmatrix}, \dots, X_{IT}' = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ x_{IT}^s \\ \dots \\ x_{IT}^{s'} \end{bmatrix}$$

X – құрылымдық параметрлердің логарифмделген мәндерінің (натурал логарифм бойынша) матрицасы;

$$x_{it}^s$$

– i субъектінің деректері бойынша t жылы s құрылымдық параметрдің логарифмделген мәні;

$i[1;I]$ – субъектінің сәйкестендіргіші, I – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің саны;

$t[1;T]$ – жыл сәйкестендіргіші, T – жеке X -факторларды әзірлеудің алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең кіші кезеңі, 1 – осы

$$s \in [1; S]$$

– құрылымдық параметрдің сәйкестендіргіші, S – құрылымдық параметрлердің саны;

$$1_{S'} - S'$$

өлшемділігінің бірлік векторы.

Субъект бақылайтын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстар жиынтығының матрицасы:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{I1} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{It} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{IT} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге жұмсалатын, логарифмделген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы.

$$y_{it} = \text{ИПЦ}_t^{t_0-6}$$

– t жылы алынған номиналды бақыланатын шығындарды көбейтумен i субъектінің деректері бойынша t жылына реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге жұмсалатын, логарифмделген нақты бақыланатын шығындардың сомасы.

47. Уәкілетті органның ведомствосы регрессиялық талдау шеңберінде құрылымдық параметрлердің статистикалық мәнін бағалау мақсатында:

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары (Y) және құрылымдық параметрлер (X) арасындағы тәуелділік)

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрица түрінде $Y = X\alpha + \varepsilon$

мұндағы:

$$\varepsilon_{it}$$

– t жылы i субъекті үшін "регрессияны бағалау қателігі" статистикалық көрсеткіші, нөлге тең математикалық болжаммен және бірдей дисперсиямен;

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^5)'$$

– X s құрылымдық параметрлерінің әрқайсысымен Y бақыланатын шығыстардың байланысын айқындайтын, регрессия коэффициенттерінің векторы

ең аз квадраттар әдісімен мынадай статистикалық көрсеткіштерінің мәндерін есептейді:

мынадай формула бойынша

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^5)'$$

құрылымдық параметрлер бөлінісінде регрессия коэффициенттерінің векторын бағалау:

$$\alpha = (X'X)^{-1}X'Y$$

мынадай формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде

$$\sigma^a = (\sigma_1^a, \dots, \sigma_S^a)$$

регрессиясы вектор коэффициенттері үшін стандарт ауытқулар:

$$\sigma^{a'} \sigma^a = \frac{1}{IT-I-S} (Y - Xa)' (Y - Xa) (X'X)^{-1};$$

мынадай формула бойынша регрессияның әрбір коэффициенті үшін t-критерии (Стьюдент):

$$t_{a^s}^{\text{Стьюд}} = \frac{a^s}{\sigma_s^a} \text{ үшін } s \in [1; S]$$

мынадай формула бойынша R2 детерминация коэффициенті:

$$R^2 = a' M a$$

Мынадай формула бойынша F-критерий (Фишер):

$$F_{S, IT-I-S}^{\text{Фишер}} = \frac{R^2 (IT-I-S)}{(1-R^2)S}.$$

Статистикалық маңызы жоқ құрылымдық параметрлерді, мынадай шартты қанағаттандыратын регрессия коэффициенттері үшін абсолютті мәндерді айқындайды:

$$\left| t_{a^s}^{\text{Стьюд}} \right| < t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}}$$

мұндағы:

$$t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}}$$

- t-критерийдің (Стьюдент) кестелік мәні;

$$(1 - \theta)$$

- ықтималдылық (Стьюдент критерийі), онымен құрылымдық статистикалық маңызы жоқ деп танылады, уәкілетті органның ведомствосы 90% деңгейінде айқындайды;

маңызды емес құрылымдық параметрлер болған жағдайда Әдістеменің осы тармағында көрсетілген регрессиядан барлық T кезеңіне барлық I субъектілер бойынша бірінің деректері алып тасталады, яғни

$$Y = X_{\text{без } X^S} \alpha + \varepsilon,$$

мұндағы:

$$X_{\text{без } X^S} = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_S),$$

мұндағы:

$$X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{11}^S \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{it}^S \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{IT}^S \end{bmatrix}.$$

және Әдістеменің осы тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген алгоритмге сәйкес осы регрессия үшін статистикалық маңызы жоқ құрылымдық параметрлерді анықтайды;

регрессияда статистикалық маңызы жоқ құрылымдық параметрлер болмаған жағдайда мынадай шартқа сәйкес F-критерийді (Фишер) бағалайды:

$$\text{егер } F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} > F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Кесте}},$$

мұндағы:

$$F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Кесте}}$$

- S және IT-I-S еркіндік дәрежелерімен Әдістемеге 1-кестеде келтірілген F-критерийдің (Фишер) кестелік мәні;

$$(1 - \theta)$$

- ықтималдылық (Фишер критерийі), құрылымдық параметр статистикалық маңызды емес деп танылады, уәкілетті органның ведомствосы 95% деңгейінде айқындайды;

регрессия статистикалық маңызды және осы регрессияның барлық құрылымдық параметрлері – статистикалық маңызды деп танылады және жеке Х-факторларды бағалау бойынша одан әрі талдауда, оның ішінде ұқсас субъектілерді таңдауда қолданылады:

$$\text{егер } F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} < F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Кесте}}$$

онда регрессиядан біртіндеп (бірінен соң бірі) Т кезеңіне барлық І субъектілер үшін барлық құрылымдық параметрлердің деректері алып тасталады және Әдістеменің осы тармағында көрсетілген қадамдар жүзеге асырылады.

48. Егер барлық құрылымдық параметрлерді регрессиядан алып тастау статистикалық маңызды құрылымдық параметрлерді анықтауға әкеп соқпаған жағдайда, F-критерийдің ең үлкен мәнімен регрессияның құрылымдық параметрлері статистикалық маңызды деп танылады және жеке Х-факторларды бағалау бойынша одан әрі талдауда қолданылады.

49. Уәкілетті органның ведомствосы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен құрылымдық параметрлердің маңыздылығын есептеу нәтижелерін ескере отырып құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын қалыптастырады және оны Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобының қарауына шығарады. Әдістемеге б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұқсас субъектілердің топтарын айқындауда пайдалану және жеке Х-факторларды есептеу үшін құрылымдық параметрлердің маңыздылығы Жұмыс тобының қарауына шығарылады.

50. Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын қарап, ол алынған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде мынадай:

уәкілетті органның ведомствосы қалыптастырған құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын келісу;

бастапқы тізбеден маңызды емес құрылымдық параметрлерді алып тастау немесе сақтау арқылы Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары бойынша түзетілген құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің жобасын келісу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

51. Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің (түзетілген) жобасын келісу туралы шешім шығарған жағдайда, ол шығарылған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосы өзінің интернет-ресурсында Әдістемеге 7-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің тізбесін орналастырады.

52. Жеке Х-факторларды есептеуде қолданылатын бекітілген құрылымдық параметрлердің қолданылуының тарихи кезеңінің ұзақтығы жаңадан бекітілетін жеке Х-факторлардың қолданылу кезеңінің ұзақтығына ұқсас.

5-параграф. Ұқсас субъектілердің және (немесе) олардың топтарының тізбесін (тізбелерін) қалыптастыру

53. Реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтерді есептеу кезінде есепке алынатын жеке Х-факторларды бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы құрылымдық параметрлердің тізбесі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде деректері реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін жеке Х-факторларды бағалау үшін қолданылатын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін ұқсас субъектілердің топтарын (бұдан әрі – ұқсас субъектілердің топтары) қалыптастырады.

54. Ұқсас субъектілердің топтарын қалыптастыру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілерге статистикалық талдауды жүзеге асырады.

55. Бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің мәндері

$$X_s = \begin{bmatrix} x_{i1}^s & \dots & x_{iT}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{it}^s & x_{it}^s & x_{iT}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{I1}^s & \dots & x_{IT}^s \end{bmatrix} \text{ үшін } s \in [1; S'],$$

мұндағы:

X – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің логарифмделген (заттай логарифм бойынша) матрицасы;

i[1;I] – субъектінің сәйкестендірушісі, I – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің саны;

t[1;T] – жылдың сәйкестендірушісі, T – жеке Х-факторларды әзірлеу алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең кіші кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

S'

- бекітілген тізімдегі құрылымдық параметрлердің саны;
реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған нақты бақыланатын шығындар

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} & \dots & y_{1T} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{i1} & y_{it} & y_{iT} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{I1} & \dots & y_{IT} \end{bmatrix}$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге логарифмделген нақты бақыланатын шығындардың матрицасы;

Егер қандай да бір i субъектіде бақыланатын шығындар және (немесе) барлық T кезеңі үшін бір немесе одан көп құрылымдық параметрлерге деректер болмаған жағдайда, осы i субъект талдаудан алып тасталады, одан әрі ұқсастығы туралы есептерде және жеке X -факторларды есептеуде мұндай субъект "деректердің болмауы себепті алып тасталды" деп белгіленеді.

56. Субъектілердің талданатын деректерінің салыстырмалылығын статистикалық талдау шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы:

регрессиядан (жеке X -факторларды бағалау үшін бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары (Y) мен құрылымдық параметрлер (X) арасындағы тәуелділік)

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

мұндағы:

ε_{it}

– нөлге тең математикалық күтумен және бірдей дисперсиямен t жылы i субъекті үшін "регрессияны бағалау қатесі" статистикалық көрсеткіші;

$a=(a^1, \dots, a^S)'$ - Y бақыланатын шығыстардың X_s құрылымдық параметрлердің әрқайсысымен байланысын айқындайтын регрессия коэффициенттерінің векторы

ең кіші квадраттар әдісімен мынадай формула бойынша жеке X -факторларды бағалау үшін бекітілген құрылымдық параметрлер бөлінісінде регрессия коэффициенттері векторын бағалау мәнін $a=(a^1, \dots, a^S)'$ есептейді:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y$$

Әдістеменің осы тармағының 1) тармақшасына сәйкес бағаланған әрбір i субъектісі және t жылы үшін үлгі коэффициенттерін пайдалана отырып есепті қалдықтарды мына формула бойынша есептейді:

$$e_{it}^{\text{есепт}} = y_{it} - X_{it}a \text{ үшін } i \in [1; I'], t \in [1; T]$$

немесе матрица түрінде $e = Y - Xa$.

мұндағы:

X – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің логарифмделген (заттай логарифм бойынша) матрицасы;

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге логарифмделген нақты бақыланатын шығындардың матрицасы;

$i[1;I]$ – субъектінің сәйкестендірушісі, I – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің саны;

$t[1;T]$ – жылдың сәйкестендірушісі, T – жеке X -факторларды әзірлеу алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең кіші кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

әрбір i субъекті үшін қалдық жылдары бойынша орташа арифметикалық мәнді есептейді:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it}$$

Барлық субъектінің мәндері бойынша ең кіші қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығындарға қосады – есептік қалдықтарды алады:

$$y_{it} = X_{it}a + e_i, \text{ үшін } i \in [1; I'], t \in [1; T]$$

мұндағы:

$$e_i = \min\{e_i\}, \text{ үшін } i \in [1; I']$$

есуі бойынша барлық субъектілер үшін мәндер қатарын қалыптастырады және W әрбір мәні қатарда бар жиілікті (мәндер санын) %-да және жинақталған жиілікті %-да есептейді;

мынадай формула бойынша 25%-перцентиль

g_1

есептейді:

$$g_1 = w_1 + i \frac{\frac{1}{4} \sum f - F_{1w-1}}{f_{1w-1}}$$

мұндағы:

g_1

– өсуі бойынша барлық субъектілер үшін мәндер қатары;

W_1 – 25%-персентильді қамтитын интервалдың төменгі шекарасы (интервал бірінші 10%-дан асатын жинақталған жиілік бойынша айқындалады);

i – интервал шамасы;

F_{1w-1}

- 25%-персентильді қамтитын, интервалдың алдындағы интервалдың жинақталған жиілігі;

F_{1w-1}

– 25%-персентильді қамтитын интервалдың жиілігі;

25%-персентильді, 25%-дельтаны қамтитын интервалдағы ең жоғары және ең кіші мәндер арасындағы айырма:

0,5-тен аз немесе тең болған жағдайда, ұқсас субъектілердің барлық қалған топтары осы айырмадан шыға келе қалыптастырылады – мәндері интервалда өсетін, ең жоғары және ең кіші мәндер арасындағы айырма 25%-дельтаға тең барлық субъектілер бір топқа қалыптасады;

0,5-тен көп болса, бірінші топ ең жоғары және ең кіші мәндері 0,5 болатын субъектілер бойынша алынады, кейінгі топтар 0,5-тен шыға келе қалыптастырылады: мәндері интервалда өсетін, ең жоғары және ең кіші мәндер арасындағы айырма 0,5-ке тең барлық субъектілер бір топқа қалыптасады.

57. Субъектілердің ұқсастығын статистикалық талдау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы ұқсас субъектілер топтарының жобасын қалыптастырады.

58. Уәкілетті органның ведомствосы ұқсас субъектілер топтарының жобасын Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъектілердің ұқсастығының статистикалық талдау нәтижелерін қоса бере отырып жеке X-факторларды бағалау жөніндегі жұмыс тобының қарауына шығарады. Ведомство жұмыс

тобының хаттамасын, тізімін, субъектілердің тізбесін және шешімін және жұмыс тобы мақұлдаған ұқсас субъектілер топтарының тізбесін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

59. Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы ұқсас субъектілер топтарының жобасын қарап, оны алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде:

уәкілетті органның ведомствосы қалыптастырған ұқсас субъектілер топтарының жобасын келісу туралы;

жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары бойынша түзетілген ұқсас субъектілер топтарының жобасын келісу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

60. Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы ұқсас субъектілер топтарының (түзетілген) жобасын келісу туралы шешім шығарған жағдайда ол шығарылған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде:

уәкілетті орган ведомствосы басшысының бұйрығымен Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер жеке X-факторларды бағалау кезінде пайдаланылатын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін ұқсас субъектілердің топтары бекітіледі;

уәкілетті органның ведомствосы ұқсас субъектілер топтарын бекіту туралы бұйрықты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Егер Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы жинақталған пікіп қабылдамаған жағдайда, шешімді уәкілетті орган ведомствосының басшылығы қабылдайды.

Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобының барлық шешімдері отырыстар хаттамаларымен ресімделеді және уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

3-параграф. Жеке X-факторларды есептеу

61. Уәкілетті органның ведомствосы ұқсас субъектілер топтарының тізбесі жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде:

субъектілер бөлінісінде жеке X-факторларды есептеуді жүзеге асырады;

Әдістемеге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке X-факторларды есептеу нәтижелерін Жұмыс тобының қарауына шығарады.

62. Жеке X-факторлар қолданылу кезеңінің әрбір жылына субъектілер бөлінісінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$X_i^{\text{жеке}} = \frac{X_i^{\text{жеке, есепт}}}{N^{\text{жеке}}}$$

мұндағы:

$X_i^{\text{жеке, есепт}}$

– Әдістеменің 50-тармағына сәйкес i субъекті үшін есептелген есептік жеке X-фактор;

$N^{\text{жеке}}$

– жеке X-факторлардың қолданылу кезеңіндегі жылдар саны.

63. Уәкілетті органның ведомствосы мына формула бойынша тиімді шекарадан іс жүзіндегі шығындардың ауытқу уақыты бойынша орташа арифметикалық сияқты әрбір i субъекті үшін есептік жеке X-факторларды есептейді:

$$X_i^{\text{жеке, есепт}} = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T (y_{it} - y_{it}^{\text{эфф}}).$$

мұндағы:

$i \in [1; I']$

– субъектінің сәйкестендіргіші, I' – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін ұқсас субъектілердің бекітілген тізбесінен субъектілердің саны.

64. Жеке X-факторларды бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы ең кіші квадраттар әдісімен мынадай алгоритмге сәйкес құрылымдық параметрлер (бұдан әрі – тиімділік шекарасы) функциясы ретінде реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге ең кіші бақыланатын шығындарды бағалайды:

реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін ұқсас субъектілердің бекітілген тізбесінен субъектілер деректері бойынша бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлер мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_{S'}), \text{ где } X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ x_{11}^s \\ \dots \\ x_{11}^{s'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ x_{it}^s \\ \dots \\ x_{it}^{s'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ x_{IT}^s \\ \dots \\ x_{IT}^{s'} \end{bmatrix}$$

X – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің логарифмделген (натуралды логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

$$x_{it}^s$$

– i субъектінің деректері бойынша t жылы бекітілген тізбеден s құрылымдық параметрдің логарифмделген мәні;

$$s \in [1; S']$$

– құрылымдық параметрдің сәйкестендіргіші, S' – бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлердің саны;

$$1_{S'}$$

– S' өлшемділіктің бірлік векторы.

Ұқсас субъектілердің бекітілген тізбесінен субъектілердің деректері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған бақыланатын шығыстардың жиынтығы матрица түрінде ұсынылады:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{IT} \end{bmatrix}, \text{ где}$$

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге логарифмделген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы.

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары (Y) мен құрылымдық параметрлер (X) арасындағы тәуелділік)

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрица түрінде $Y = X\alpha + \varepsilon$

мұндағы:

ε_{it}

- нөлге тең математикалық күтумен және бірдей дисперсиямен t жылы i субъекті үшін "регрессияна бағалау қателігі" статистикалық көрсеткіші;

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

- X_s құрылымдық параметрлердің әрқайсымен Y бақыланатын шығындар байланысын айқындайтын регрессия коэффициенттерінің векторы;

ең кіші квадраттар әдісімен мынадай формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде регрессия

$$a = (a^1, \dots, a^S)'$$

коэффициенттері векторын бағалаудың мынадай статистикалық көрсеткіштерінің мәндерін есептейді:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y$$

Әдістеменің осы тармағына сәйкес бағаланған әрбір i субъекті және t жылы үшін модель коэффициенттерін пайдалана отырып мынадай формула бойынша есептік қалдықтарды есептейді:

$$e_{it}^{\text{есепт}} = y_{it} - X_{it}a \text{ для } i \in [1; I'], t \in [1; T]$$

немесе матрица түрінде $e = Y - Xa$.

мұндағы:

$e_{it}^{\text{есепт}}$

– әрбір i субъекті және t жылы үшін Әдістеменің осы тармағына сәйкес бағаланған модель коэффициенттерін пайдалана отырып есептік қалдықтар;

әрбір i субъекті үшін қалдық жылдар бойынша орташа арифметикалық мәнді есептейді:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it}$$

барлық субъектілердің мәндері бойынша ең кіші қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығындарға қосады (тиімділік шекараларын неғұрлым тиімді субъектіге жылжыту) – алынған есептік бақыланатын шығыстар тиімділік шекарасы болып табылады:

$$y_{it}^{\text{тиім}} = X_{it}a + e_{i\text{тиімд}}, \text{ для } i \in [1; I'], t \in [1; T]$$

мұндағы:

$$e_{i\text{тиімд}} = \min\{e_i\}, \text{ для } i \in [1; I']$$

65. Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы уәкілетті орган ведомствосының жеке X-факторларды есептеу нәтижелері туралы қорытындысын қарап, ол қабылданған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде мынадай:

уәкілетті органның ведомствосы есептеген, субъектілер бөлінісінде жеке X-факторлар нәтижелерін келісу;

Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары бойынша түзетілген жеке X-факторлардың мөлшерлерін субъектілер бөлінісінде келісу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобының шешімі отырыс хаттамаларымен ресімделеді және уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

66. Жеке X-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы субъектілер бөлінісінде жеке X-факторлар мөлшерін келісу туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтерде ескерілетін жеке X-факторларды бекітеді.

6-параграф. Субъектілер тарифті есептеу үшін мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстардың дұрыстығын талдау

67. Оның қолданылуы кезеңінде субъект мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті есептеу үшін субъектілер мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығындардың (бұдан әрі – субъект мәлімдеген шығыстар) дұрыстығын талдауды уәкілетті органның ведомствосы субъекті тарифті бекітуге өтінім алған кезден бастап 2 (екі) кезеңге күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде өткізеді. Бірінші кезеңде уәкілетті органның ведомствосы субъект

мәлімдеген шығындардың дұрыстығына статистикалық, екінші кезеңде – сараптамалық талдауды жүзеге асырады.

68. Субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығын статистикалық талдау үшін уәкілетті органның ведомствосы келесі кезеңге (бұдан әрі – тарихи кезең) субъектінің шығыстарын (бұдан әрі – субъектінің тарихи шығыстары) қолданады

1) егер субъект тариф белгілеудің ынталандыру әдістерін ескере отырып реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті бекіту үшін уәкілетті органның ведомствосына 5 (бес) жылда немесе субъект тариф бекітуге өтінім берудің алдындағы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсету кезеңіне (егер 5 (бес) жылдан аз болса). Деректер субъектінің тарифтік сметаның орындалуы туралы есептерінен алынады.

Егер субъект реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті бекітуге өтінімді тарифтік сметаның орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну мерзіміне дейін берген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтік сметадан алынған деректер қолданылады.

2) ынталандыру әдісін (бар болған жағдайда) ескере отырып қолданыстағы тарихтің қолданылу кезеңі. Деректер субъектінің кірістер, шығыстар және реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер туралы жыл сайынғы есептерінен алынады.

Егер субъект реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті бекітуге арналған өтінімді кірістер, шығыстар және тарифтер туралы жыл сайынғы есепті ұсыну мерзіміне дейін берген жағдайда, оны есептеу кезінде ескерілген деректер қолданылады.

69. Субъектінің тарихи шығыстарын нақты шығыстарға ауыстыру шығыстардың әрбір баптары бойынша және әрбір жыл үшін мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$C_{k,t}^{\text{тар}} = \frac{Y_{k,t}^{\text{тар}} \times 100}{\text{ИПЦ}_t}, \text{ для } t \in [1; \Pi^{\text{тар}}],$$

мұндағы:

к – шығыстар баптары;

$$t \in [1; \Pi^{\text{ист}}]$$

– жыл сәйкестендіргіші,

$\Pi^{\text{тар}}$

– тарихи кезең, 1 – тарихи кезеңнің бірінші жылы;

$C_{k,t}^{\text{тар}}$

– t жылына k бабы бойынша субъектінің нақты тарихи шығыстарының сомасы, мың теңге;

$Y_{k,t}^{\text{тар}}$

– t жылына k бабы бойынша субъектінің тарихи шығыстарының сомасы, мың теңге.

70. Субъекті мәлімдеген шығыстарды нақты шығыстарға ауыстыру әрбір шығыста баптары бойынша және әрбір жыл бойынша мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$C_{k,t}^{\text{мәлім}} = \frac{100 \times Y_{k,t}^{\text{мәлім}}}{\text{ИПЦ}_{\text{Птар}}}, \text{ үшін } t \in [1; \text{П}^{\text{мәлім}}],$$

мұндағы:

k – шығыстар баптары;

$t \in [1; \text{П}^{\text{мәлім}}],$

– жыл сәйкестендіргіші,

$\text{П}^{\text{мәлім}}$

– оны бекітуге субъект өтінім берген, субъект мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтің қолданылу кезеңі (бұдан әрі – тарифтің мәлімделген қолданылу кезеңі), 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

$\text{ИПЦ}_{\text{Птар}}$

– СК деректері бойынша тарихи кезеңнің бірінші жылына тарихи және болжамды кезеңдерге тұтыну бағаларының индексі, %.

$C_{k,t}^{\text{мәлім}}$

– t жылына k бабы бойынша субъект мәлімдеген нақты шығыстардың сомасы, мың теңге.

$Y_{k,t}^{\text{мәлім}}$

– t жылына k бабы бойынша субъект мәлімдеген шығыстардың сомасы, мың теңге.

71. Субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығы алгоритмге сәйкес анықталады:

әрбір k жолы үшін өсуі бойынша барлық жылдар бойынша мәндер қатарын (бұдан әрі – k -қатары) қалыптастырады және онымен k жолдың әрбір мәні жылдар бойынша k -қатарда болатын жиілікті (мәндердің санын), %-да және жинақталған жиілікті, %-да есептейді;

әрбір k -қатары үшін тарихи деректер бойынша 99%-персентиль g_k мынадай формула бойынша есептеледі, тиісінше:

$$g_m = m + q \frac{\frac{99}{100} \sum f - F_{1m-1}}{f_{1m-1}}$$

мұндағы:

m – 99%-персентильді қамтитын аралықтың төменгі шекарасы (аралық 99%-дан бірінші асып түсетін жинақталған жиілік бойынша айқындалады);

q – аралықтың шамасы;

F_{m-1} - персентильді қамтитын аралықтың алдындағы аралықтың жинақталған жиілігі;

f_{m-1} – персентильді қамтитын аралықтың жиілігі;

мынадай критерийлерге сәйкес t жылы k жолының шығыстар сомасын i субъекті мәлімдеген статистикалық дұрыстығы туралы тұжырым жасайды:

егер

$$g_m \leq m_t$$

, онда i субъекті мәлімдеген t жылына k жолдың шығыстар сомасы статистикалық дұрыс деп танылады;

барлық қалған жағдайларда, i субъекті мәлімдеген t жылы k жолына шығыстар сомасы статистикалық дұрыс емес деп танылады;

72. Жұмыс тобы:

шығыстардың статистикалық дұрыстығын анықтау үшін персентильдерді қайта қарау қажеттілігі туралы шешім қабылдай алады.

мынадай өлшемшарттарған сәйкес субъект мәлімдеген k шығындар баптарының дұрыстығы туралы тұжырым жасайды:

егер бір жыл үшін

$$t \in [1; \Pi^{\text{мәлім}}]$$

субъекті мәлімдеген шығындар баптарының сомасы статистикалық дұрыс емес деп танылса, субъект мәлімдеген k шығындар баптары статистикалық дұрыс емес деп танылады;

егер барлығы үшін
 $t \in [1; \Pi^{\text{мәлім}}]$

субъект мәлімдеген к шығындар баптарының сомасы Әдістеменің осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес статистикалық дұрыс емес деп танылса, субъект мәлімдеген к шығындар баптары статистикалық дұрыс емес деп танылады.

73. Шығындар болмаған жағдайда, олар бойынша мәлімделген сома статистикалық дұрыс емес деп танылса, уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекітуге субъект өтінімі алған күннен бастап күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей:

субъектіге статистикалық дұрыс емес шығыстардың жоқтығы туралы хабарлама жібереді;

реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті одан әрі есептеулерде субъекті мәлімдеген шығыстарды (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы дұрыс емес деп танығын шығындар) қолданады.

74. Олар бойынша мәлімделген сомалар статистикалық дұрыс емес деп танылған шығындар болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекітуге субъектінің өтінімін алған күннен бастап күнтізбелік 14 күннен кешіктірмей субъектіге шығындар баптары бөлінісінде реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге субъектінің статистикалық дұрыс емес шығыстар тізбесінің 1-нысаны бойынша және Әдістемеге 11-қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге субъектілер шығындарының дұрыстығын статистикалық талдау шеңберінде жүргізілген есептеулердің 2-нысаны бойынша статистикалық талдау шеңберінде жүргізілген статистикалық дұрыс емес шығындардың тізбесін жібереді.

75. Субъект статистикалық дұрыс емес шығындар тізбесін алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына осы шығындар баптарын растайтын мынадай құжаттарды беруге құқылы:

Субъекті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ұсынатын есептілік;

конкурстық (тендерлік) комиссиялардың материалдық, қаржылық ресурстарды, жабдықтар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша шешімдері;

қарыз шарттары (қаржыландыру шарттарын, оның ішінде сыйақыларды, комиссиялық төлемдерді және т.б. төлеу шарттарын көрсете отырып);

мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқарушы органның еңбекақы және басшылардың, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлердің лауазымдық жалақы қорын, сондай-ақ оларға сыйлық және өзге де сыйақы төлеу жүйелерін (мемлекеттік кәсіпорындар немесе мемлекеттің

тиесілі үлесті иемденуші кәсіпорындар) орнықтыру жөніндегі мемлекеттік катысу үлесі басым) белгілеу туралы шешімдері;

ниет хаттамалары, шарттар;

басқа да материалдар.

Растайтын құжаттарды субъект әрбір құжатқа түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, тігілген түрде, субъект басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылып, мөрі басылып ұсынады.

76. Уәкілетті органның ведомствосы субъектіден растайтын құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде оларды Жұмыс тобының қарауына шығарады.

Жұмыс тобы, статистикалық талдау нәтижелері бойынша дәйексіз деп танылған субъект мәлімдеген әрбір шығындар баптары үшін құжаттар алған кезден бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды – t жылы статистикалық талдау нәтижелері бойынша дұрыс емес деп танылған к шығындар баптары мынадай мөлшерде дұрыс:

субъект мәлімдеген;

Жұмыс тобы айқындаған.

Жұмыс тобының субъекті мәлімдеген шығындардың дұрыстығын қарау нәтижелері 12-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша форматта хаттамамен бекітіледі.

8-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифте есепке алынатын пайда мөлшері

77. Реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифте есепке алынатын пайда мөлшері Заңның 15-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажет, пайданың жол берілетін деңгейін белгілеуді көздейді.

Пайда мөлшерлемесі уәкілетті органның ведомствосы Заңға сәйкес қабылдаған, салалар бөлінісінде табиғи монополия субъектілері үшін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда (таза кіріс) мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес есептеледі.

9-параграф. Субъектінің тарифін есептеу

78. Жұмыс тобы дұрыс деп таныған шығындар сомасын:

уәкілетті органның ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті одан әрі есептеуде қолданады;

жұмыс тобы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде субъектіге жіберіледі.

Тарифті есептеуді уәкілетті органның ведомствосы мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$$\tau_t = \frac{C_{\text{неконтр}t}^{\text{пр}} + (1 - X_{\text{инд},t}) \times (\text{ИПЦ}_t^{\text{пр}} - X_{\text{сал},t}) \times C_t^{\text{пр}}}{V_t^{\text{пр}}} + Q_{t-2} + \frac{\Pi_t^{\text{пр}}}{1 - \text{КПН}} + \partial_{\text{ИПЦ}} + \partial_{\text{неконтр}} + \partial_{\text{көлем}} + \partial_{\text{пайда}}$$

мұндағы:

τ_t

- t жылы субъект пайдаланатын реттеліп көрсетілетін қызметке тариф;

Q_{t-2}

- мынадай формула бойынша есептелетін, көрсетілетін қызметтің сапа стандарттарын сақтау үшін бонус/айыппұл:

$$Q_{t-2} = 0,02 \times V_{t-2} \times E_{t-2}$$

$\partial_{\text{ИПЦ}}$

- мынадай формула бойынша есептелетін, инфляцияның өзгеруін түзету:

$$\partial_{\text{ИПЦ}} = (1 - X_{\text{инд},t}) \times C_{t-2}^{\text{пр}} \times (\text{ИПЦ}_{t-2} - \text{ИПЦ}_{t-2}^{\text{пр}})$$

$\partial_{\text{неконтр}}$

- мынадай формула бойынша есептелетін, бақыланбайтын шығындардың өзгеруін түзету:

$$\partial_{\text{неконтр}} = (C_{\text{неконтр}t-2} - C_{\text{неконтр}t-2}^{\text{пр}})$$

$\partial_{\text{пайда}}$

- мынадай формула бойынша есептелетін, инвестициялық бағдарламаның орындалуын есепке ала отырып, пайданы түзету

$$\partial_{\text{пайда}} = \left(\frac{\Pi_{t-2}^{\text{пр}} - \Pi_{t-2}}{1 - \text{КПН}} \right)$$

$\partial_{\text{көлем}}$

- мынадай формула бойынша есептелетін, көрсетілген қызметтер көлемінің өзгеруін түзету

$$\partial_{\text{көлем}} = \frac{(V_{t-2}^{\text{пр}} - V_{t-2})}{V_{t-2}^{\text{пр}}} \times (C_{\text{неконтр}t-2}^{\text{пр}} + Q_{t-3} + \Pi_{t-2}^{\text{пр}})$$

τ_t

- t жылы субъект қолданатын, реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф;

$\tau_t^{\text{пр}}$

- тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша t жылына реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф;

$V_t^{\text{пр}}$

- тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі;

V_t

- шығындар, кірістер және субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтерге мониторинг шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған, t жылына субъект көрсеткен реттеліп көрсетілетін қызметтің нақты көлемі;

КТС - қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі.

Et - шығындар, кірістер және субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтерге мониторинг шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы

айқындаған, t жылына реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуден субъектінің табысы

$C_t^{пр}$

– t жылына инфляцияны есепке алмастан, тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша t жылына субъектімен бақыланбайтын шығындар;

C_t

- шығындар, кірістер және субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтерге мониторинг шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған, t жылына субъектімен бақыланатын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығындар;

$C_{неконтрт}^{пр}$

– тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша t жылына субъектімен бақыланбайтын шығындар;

$C_{неконтрт}$

– шығындар, кірістер және субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтерге мониторинг шеңберінде сомасын уәкілетті органның ведомствосы айқындаған, t жылына субъектімен бақыланбайтын шығындар;

$ИПЦ_t^{пр}$

– t жылына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің болжамды деректері бойынша айқындалған тұтыну бағаларының индексі, пайызда;

$ИПЦ_t$

– t жылына КС деректері бойынша айқындалған тұтыну бағаларының индексі, пайызда;

$X_{жеке,t}$

- субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу формуласында есепке алынатын, t жылына уәкілетті органның ведомствосы бекіткен жеке X -фактор;

$X_{\text{сал},t}$

- тиісті саланың табиғи монополиялар аяларына жатқызылған, реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеу формуласында есепке алынатын, t жылына уәкілетті органның ведомствосы бекіткен салалық X-фактор;

B_t

– t жылының нәтижелері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау мониторингі шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын субъектінің сақтау коэффициенті;

$\Pi_t^{\text{пр}}$

– тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша t жылына субъектінің пайда мөлшері, мың теңге;

Π_t – субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне инвестициялық бағдарламаны орындау мониторингі шеңберінде сомасын уәкілетті органның ведомствосы айқындаған, t жылына субъекті пайдасының мөлшері, мың теңге.

79. Субъектінің тарифті бекітуге арналған өтінімін алған кезден бастап күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күн ішінде жария тыңдаулар өткізгеннен кейін уәкілетті органның ведомствосы салалық және жеке X-факторларға және субъектінің нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтауына қарай, субъект мәлімдеген тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті бекітеді.

80. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті саралау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекіту тарифтерді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 8642 болып тіркелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 1 қазандағы № 297-НҚ бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтаудың және (немесе) суды бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сараланған тарифтерді есептеу әдестемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 8886 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

81. Уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифпен бір мезгілде Стандарттар жөніндегі әдістемеге сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын бекітеді.

82. Субъект жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, ведомствоға реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандарттын сақтау туралы есепті, сондай-ақ кірістер, шығыстар мен тарифтер туралы есептер ұсынады.

Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің есептерін қарау нәтижелері бойынша тиісті жылдың 1 (бірінші) қыркүйегінен кешіктірмей субъектіге мыналарды:

субъектінің инвестициялық бағдарламаны орындауын;

есепті кезеңде бақыланбайтын шығыстар мен көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің өзгеруін;

сапа стандарттарының сақталуын;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша тұтынушылық бағалардың нақты индексін есепке ала отырып, тарифтің өзгеруі туралы хабарлама жібереді.

3-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиімділік және сапа стандарттары көрсеткіштерінің, оның ішінде инвестициялық бағдарламаның орындалуына қарай мониторинг және орындалуын бақылау жүйесі

83. Уәкілетті органның ведомствосы тариф белгілеудің ынталандыру әдісін ескере отырып бекітілген, реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті жыл сайын түзетуді жүргізеді.

Түзету жүргізу үшін субъект, есепіден кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, уәкілетті органның ведомствосына мыналарды есепке ала отырып формула бойынша ұсынады:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 194 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10459 болып тіркелген) инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті;

Әдістемеге 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кірістер, шығыстар мен тарифтер туралы есепті;

Стандарттар жөніндегі әдістемеге сәйкес субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтауы туралы есепті ұсынады. Сапа стандартын

сақтау туралы есепке есепті кезеңде көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен жол берілетін ауытқуларға түзетілген, олардың нысаналы мәндеріне, есепті кезеңде субъект қол жеткізген көрсеткіштердің нақты мәндерінің сәйкес келмеу себептері (бұдан әрі – сәйкес келмеу себептері) туралы (бар болған жағдайда) көрсеткіштер бөлінісінде түсіндірме жазбаны қоса береді.

84. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау мониторингі және субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеген кезде ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау коэффициентін есептеу (В) Стандарттар жөніндегі әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

85. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау коэффициентін түзетуді уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі мынадай формула бойынша сапа стандартын сақтау коэффициентін есептеу арқылы субъектінің есепті деректерінің негізінде жүргізеді:

$V = 1 - \frac{\text{сапа стандарты көрсеткіштерінің сәйкестік коэффициенттері мәндерінің сомасы}}{\text{көрсеткіштер саны}}$

Сапа стандарты тиімділігінің әрбір көрсеткіші бойынша сәйкестік коэффициенттері мынадай формула бойынша нақты мәннің нысаналыға арақатынасы ретінде есептеледі:

$$K_i = \frac{P_{ц} * (1 - \Delta t_i)}{P_{фi}}$$

мұндағы:

K_i – есепті кезеңде жол берілетін осы i көрсеткішінің мәніне субъект есепті кезеңде қол жеткізген i көрсеткішінің нақты мәнінің сәйкестік коэффициенті);

$P_{фi}$ – фактическое значение показателя, достигнутое есепті кезеңде субъект қол жеткізген i көрсеткіштің нақты мәні;

$P_{ц}$ – i көрсеткіштің нысаналы мәні;

Δt_i

– есепті кезеңде i көрсеткішінің нысаналы мәнінің нақтыдан жол берілетін ауытқуы.

4-тарау. Төлем көзін айқындай отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа стандарттарын сақтағаны/сақтамағаны үшін бонустарды/айыппұлдарды есептеу, айыппұлдар (айыппұл санкцияларын) салу тетігі

86. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа стандарттарын сақтағаны/сақтамағаны үшін бонус/айыппұл (айыппұл санкциялары) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_{t-2} = 0,02 \times B_{t-2} \times E_{t-2}$$

мұндағы:

Q_{t-2}

- реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандарттарын сақтағаны үшін бонус/айыппұл;

B_{t-2}

– уәкілетті органның ведомствосы t-2 жылының нәтижелері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау мониторингі шеңберінде айқындаған, реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын субъектінің сақтау коэффициенті;

E_{t-2}

- уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметке кірістер, шығыстар мен тарифтер мониторингі шеңберінде айқындаған, t-2 жылына реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуден субъектінің кірісі.

Сумма бонус/штрафа за соблюдение/несоблюдение стандарта качества регулируемой услуги за t-2 жылына реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтағаны/сақтамағаны үшін бонус/айыппұл сомасы t-жылына тарифті түзету кезінде ескерілетін субъектінің кірісінен есептеледі/шегеріледі.

Инвестициялық бағдарламаны орындау, бақыланбайтын шығыстар мен есепті кезеңде көрсетілген қызметтердің көлемінің өзгеру нәтижелері бойынша тарифті инфляцияның өзгеруіне түзету.

87. Инфляцияның өзгеруіне тарифті түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\partial_{\text{ипц}} = (1 - X_{\text{инд},t}) \times C_{t-2}^{\text{пр}} \times (\text{ипц}_{t-2} - \text{ипц}_{t-2}^{\text{пр}})$$

мұндағы:

$\partial_{\text{ипц}}$

– инфляцияның өзгеруіне тарифті түзету;

$$C_{t-2}^{\text{пр}}$$

– субъектілердің t-2 жылы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған бақыланатын шығыстары .

Бақыланбайтын шығыстардың өзгеруіне түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\partial_{\text{неконтр}} = (C_{\text{неконтр}t-2} - C_{\text{неконтр}t-2}^{\text{пр}})$$

мұндағы:

$$\partial_{\text{неконтр}}$$

– бақыланбайтын шығыстардың өзгеруіне түзету.

Инвестициялық бағдарламаның орындалуын есепке ала отырып пайданы түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\partial_{\text{пайда}} = \left(\frac{\Pi_{t-2}^{\text{пр}} - \Pi_{t-2}}{1 - \text{КПН}} \right)$$

мұндағы:

$$\partial_{\text{пайда}}$$

– инвестициялық бағдарламаның орындалуын ескере отырып, пайданы түзету;

$$\Pi_{t-2}^{\text{пр}}$$

- субъекті тарифті жыл сайын түзету кезінде қолдану үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша t-2 жылына субъекті пайдасының мөлшері, мың теңге;

Π_{t-2} - субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған инвестициялық бағдарламаны орындау мониторингі шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған, t-2 жылына субъекті пайдасының мөлшері, мың теңге.

88. Субъектінің инвестициялық бағдарламаны орындауын, отчетных данных о доходах, расходах и тарифах субъектінің кірістері, шығыстары мен тарифтері туралы есепті деректерді, сондай-ақ жыл сайынғы мониторинг шеңберінде оның

сапа стандарттарын сақтауын тексергеннен кейін уәкілетті органның ведомствосы субъектіге жыл сайынғы мониторингтің нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

Субъектінің кірістері, шығыстары мен тарифтері туралы деректерді, сондай-ақ жыл сайынғы мониторинг нәтижелері бойынша алған сапа стандарттарын сақтауын субъект есепті жылдан кейінгі жылдарға арналған тарифтерлі есептеген кезде пайдаланады.

89. Субъект реттеліп көрсетілетін қызметке өзгертілген тарифті тиісті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін қолданады.

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
1-қосымша
Нысан

Табиғи монополиялар салаларының аясы бөлінісінде субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерде ескерілетін салалық X-факторлар

Салалық X-фактордың қолданылу кезеңі - _____ - _____ жылдар

№	Саланың атауы	Оның қолданылу кезеңінің әрбір жылына арналған салалық X-фактор, %		
		_____ жыл	...	_____ жыл
1	2	3	4	5
1	Энергетика, оған табиғи монополиялардың мынадай салалары жатады: электр энергиясын беру; топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су алаптарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау; электр энергиясын желіге жіберу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру; электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.			
2	Құбыржол көлігі, оған табиғи монополиялардың мынадай салалары жатады: Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс экспорт мақсатында тасымалдауды қоспағанда, мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлармен тасымалдау; Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды тасымалдауды қоспағанда тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық			

	резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау.			
3	Теміржол көлігі, оған табиғи монополиялардың мынадай салалары жатады: жүктерді контейнерлермен тасымалдау, бос контейнерлерді тасымалдау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасымалдау кезіндегі магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желілері; бәсекелес темір жол болмаған жағдайда концессия келісім-шарттары бойынша темір жол көлігінің объектілері бар теміржол жолдарының көрсетілетін қызметтері; бәсекелес кірме жол болмаған кездегі кірме жолдар.			
4	Әуе көлігі, оған табиғи монополиялардың мынадай салалары жатады: халықаралық және транзиттік ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда аэронавигация; әуежайлар, Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда.			
5	Байланыс, оған табиғи монополиялардың мынадай салалары жатады: кәбілдік кәрізді мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру;			
6	Сумен жабдықтау, оған мынадай табиғи монополиялар салалары жатады: сумен жабдықтау және (немесе) су тарту.			
7	Теңіз көлігі, оған мынадай табиғи монополия саласы жатады: порттар.			

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
2-қосымша
Нысан

_____ (реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы)

субъектілердің бөлінісінде реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтерде есептеу формуласында ескерілетін жеке X-факторлар

Қолданылу кезеңі: _____ жылдар

Субъектілердің X-факторлары	
Табиғи монополия саласы	
Қызметтің атауы	
Қызметті көрсететін субъектілердің жалпы саны (қуаттылығы аз және жаңа құрылғын субъектілерді ескермегенде)	
Деректері талдау үшін пайдаланылған субъектілер саны	
Талданатын кезең:	
Басы	
Соңы	

			1-жыл	...	II мәлім жыл	1 - жыл	...	II мәлім
1	2	3	5	6	7			
I	Субъекті бақылайтын шығыстар	мың теңге						
1.	Өндірістік шығыстар, барлығы, оның ішінде							
1.1.	Материалдық шығыстар (стратегиялық тауарларды сатып алуды қоспағанда), барлығы, оның ішінде							
1.1.1	. Шикізат және материалдар							
1.1.2	. Жанар-жағармай материалдары							
1.1.3	. Отын							
1.1.4	. Энергия							
1.2.	Жалақы, оның ішінде әлеуметтік салық							
1.3.	Өзге (толық жазу)							
2	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде							
2.1.	Жалақы, оның ішінде әлеуметтік салық							
2.2.	Сыйақы төлеуге арналған шығыстар							
2.3.	Негізгі қорлар құнының артуына алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеу							
2.4.	Өзге (толық жазу)							
II	Субъекті бақыламайтын шығыстар							
1.	Өндірістік шығыстар, барлығы, оның ішінде							
1.1.	Стратегиялық тауарларды сатып алуға арналған материалдық шығыстар, барлығы, оның ішінде							
1.1.1	. Шикізат және материалдар							
1.1.2	. Жанар-жағармай материалдары							
1.1.3	. Отын							
1.1.4	. Энергия							
1.2	Амортизация							
2.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде							
2.1.	Амортизация							
3.	Салықтар және басқа да міндетті төлемдер мен алымдар							
4.	Нормативтік техникалық ысыраптар							

5	Олардың есебінен инвестициялық шығыстар қаржыландыратын қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар								
6	Өзге инвестициялық шығыстар (толық жазу)								
III	Қосымша ақпарат								
1.	Іске қосылған активтердің реттелетін базасы (ІАРБ)								
2.	Реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің болжамды көлемі	Табиғи Өлшем бірлігі							

Басшы немесе оны алмастыратын адам

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) тегі, қолы)

Мөр (ол бар болған кезде)

Ескертпе:

"Көрсеткіштің атауы" деген бағанның деректері қажет болған кезде кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

"Реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтің қолданылу кезеңдері (1-жыл, ...,

II мәлім

жыл)" деген бағанда субъекті мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтің қолданылу кезеңі көрсетіледі.

"Инвестициялық шығыстар" атты III бөлімде қаржыландыру көздері олардың меншікті қаражаты болып табылатын инвестициялық шығыстар көрсетіледі.

"Пайда" атты IV бөлімдегі "Іске қосылған активтердің реттелетін базасы (ІАРБ)" бағанда уәкілетті орган бекіткен кірістерді, шығындар мен реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарларды, жұмыстардың) әрбір түрі және өзге қызмет бойынша тұтастай қолданысқа енгізілген активтерді жеке-жеке есепке алып жүргізу тәртібіне сәйкес, реттеліп көрсетілетін қызметке жатқызылған активтердің құны көрсетіледі.

Субъектінің өтінім берген күнінің алдындағы бес жылдағы тарихи (нақты) шығыстарды және субъекті мәлімдеген тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына арналған субъектінің болжамды шығыстарын субъекті Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін (инфляцияны) есепке алмай, Ерекше тәртіпке сәйкес қалыптастырады.

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
4-қосымша
Нысан

Жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

Электр энергиясын беру және (немесе) тарату саласындағы электр энергиясын беру және (немесе) тарату;

электр энергиясын желіге босату және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру саласында электр энергиясын желіге босату және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;

электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру саласындағы электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	Мың тұтынушы
2.	Желінің жалпы ұзындығы (электр энергиясын беру саласында электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	Мың километр
3.	Күштік трансформаторлардың саны (электр энергиясын беру саласында электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	Дана
4.	Күштік трансформаторлардың жалпы қуаты (электр энергиясын беру саласында электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	Мегаватт/сағ.
5.	Жыл ішінде тіркелген желілерде ең көп жүктеме (электр энергиясын беру және (немесе) тарату кезіндегі электр энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі реттелетін қызметтер үшін ғана)	Киловольт
6.	Бір жылда көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Киловатт /сағ
7.	Қызмет көрсету аумағы	Шаршы километр

Ескертпе: егер құрылымдық параметр реттеліп көрсетілетін қызмет үшін қолайлы болмаса, мұндай құрылымдық параметр мұндай реттеліп көрсетілетін қызмет үшін ескерілмейді.

Жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

тауарлық газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау;

сұйытылған газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны қосатын кранға дейін газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды сақтау;

шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

--	--	--

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	Мың тұтынушы
2.	Газ құбырларының жалпы ұзындығы	Мың километр
3.	Газ құбырларының/газ тарату жүйесінің жалпы қуаты	Мың текше метр
4.	Газ құбырларындағы/газ тарату жүйелеріндегі ең үлкен қысым	МПа
5.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Мың текше метр

Жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

жылу энергиясын өндіру;

жылу энергиясын беру және тарату;

жылу энергиясымен жабдықтау;

жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;

жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қаланың тіркелген объектілерінің саны	Дана
2.	Құбырлардың жалпы ұзындығы	Мың километр
3.	Қазандықтың жылу қуаты	Гкал/сағ (мегаватт/сағ)
4.	Сорғылардың қуаты	Мегаватт/сағ.
5.	Желілерде ең көп жүктеме	Мың Гкал
6.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Мың Гкал

Ескертпе: егер құрылымдық параметр реттеліп көрсетілетін қызмет үшін қолайлы болмаса, мұндай құрылымдық параметр мұндай реттеліп көрсетілетін қызмет үшін ескерілмейді.

Жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

магистральдық құбырлар арқылы су беру;

тарату желілері арқылы су беру;

арналар арқылы су беру;

гидравликалық конструкцияларды ұстап тұру арқылы беткі ағынды реттеу;

ағынды суларды бұру;

ағынды суларды тазалау.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	Мың тұтынушы (абонент)
2.	Су өткізгіш желілердің жалпы ұзындығы	Мың километр
3.	I, II көтергішті сорғы станцияларының және су тазалау құрылыстарының трансформаторлық топ қуаты	Мегаватт/сағ.
4.	Белгіленген сорғы жабдығының жиынтық қуаты	Мегаватт/сағ.
5.	II көтергішті сорғы станциясымен су беру кезіндегі есептік арын	м
6.	II көтергішті сорғы станциясымен су беру кезіндегі нақты арын	м
7.	Бір жылда көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Мың текше метр

Жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

жүктерді контейнерлерде тасымалдау және бос контейнерлерді тасымалдау кезіндегі магистральдық темір жол желісі қызметтерін қоспағанда, магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру;

жүктерді контейнерлерде тасымалдау және бос контейнерлерді тасымалдау кезіндегі магистральдық темір жол желісі қызметтерін қоспағанда, жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісі арқылы өткізуді ұйымдастыру;

жүктерді контейнерлерде тасымалдау және бос контейнерлерді тасымалдау кезіндегі магистральдық темір жол желісі қызметтерін қоспағанда, магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру және ол арқылы жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру.

бәсекелес теміржол болмаған жағдайда, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар темір жолдарды пайдалануға беру.

бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру;

бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Пойыздардың ең көп рұқсат етілетін салмағы	Тонна
2.	Жолаушылар поездары қозғалысының рұқсат етілетін жылдамдығы	Километр/сағ
3.	Жүк пойыздары қозғалысының рұқсат етілетін ең жоғары жылдамдығы	Километр/сағ
4.	Жүк қозғалысында бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	Т-км
5.	Жолаушылар қозғалысында бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	Жолаушы-километр

Жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қызмет көрсетілетін авиакомпаниялардың саны	Дана
2.	Бір жылда қызмет көрсетілген ұшақтар / рейстер саны	Дана
3.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Натурал бірлік

Жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және (немесе) өзге мақсаттар үшін теңіз портына кемеңің кіргені үшін (кемеңің кіруі) қызметтер;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қону жасай отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын әуе тасымалы қызметтерін қоспаған жағдайда, әуе кемесінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған түрлері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беруі;

базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орнын беру.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Ұшу-қоны жолақтарының саны	дана
2.	Қолда бар жаздық ұшу алыңының ұзындығы	километр
3.	Жаздық жолдың ең ұзын қолда бар жүру жолы	Жолаушы/тәулік
4.	Қызмет көрсетілген рейстер саны	Дана
5.	Бір жылда көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Натурал бірлік

Жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

телефондық кәрізді пайдалануға беруді қамтамасыз ету.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	Мың тұтынушы
2.	Құбырлардың жалпы ұзындығы	Мың километр
3.	Құбырлардың ең көп қуаты	Натурал бірлік
4.	Бір жыл ішінде желідегі ең көп жүктеме	Натурал бірлік
5.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі	Натурал бірлік

Жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша:

- бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет;
- мұнайды магистральдық құбыржол жүйесі арқылы қайта айдау;
- мұнайды теміржол цистерналарынан құйып алу;
- мұнайды теміржол цистерналарына құю;
- мұнайды танкерлерге құю;
- мұнайды автоцистерналардан құйып алу;
- мұнайды автоцистерналарға құю;
- мұнайды сақтау;
- мұнайды ауыстырып құю;
- мұнайды араластыру.

№	Құрылымдық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі
1.	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар саны	Мың тұтынушы
2.	Мұнай құбырларының жалпы ұзындығы	Мың километр
3.	Барлық учаскілер бойынша орташа өткізу қабілеті	Мың т./ тәулік
4.	Бір жыл ішінде көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі (жүк айналымы)	м и л л и о н т-километр

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
5-қосымша
Нысан

_____ осы реттеліп көрсетілетін
қызметке
(реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы)

**арналған тарифтерді есептеу формуласында ескерілетін жеке
X-факторларды бағалау кезінде пайдалануға арналған құрылымдық
параметрлер**

Нысан қайда ұсынылады: _____

(уәкілетті орган ведомствосының атауы)

Ұсыну мерзімі: _____

Мақсаты: жеке X-факторларды бағалау

№	Құрылымдық параметрдің атауы	Өлшем бірлігі	1-жыл	2-жыл	3-жыл	4-жыл	5-жыл
1							
2							
3							

Субъект туралы мәліметтер:

Субъектінің атауы _____

БСН

□	□	□	□	□	□	□	□	□	□	□	□
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

Мекенжайы _____

— Телефон _____

Электронды пошта мекенжайы _____

Байланысатын адамның аты, әкесінің аты (болған кезде), тегі және телефон нөмірі

Қоса беріліп отырған материалдар мен мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын растаймын.

Басшы немесе оны алмастыратын адам

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), қолы)

Мөр (бар болған кезде)

Күні " __ " _____ 201__ жыл

Ескертпе:

"Құрылымдық параметрдің атауы" деген бағанда ведомство бастапқы тізбе жобасының құрылымдық параметрлерін көрсетеді.

Субъектіде бастапқы тізбе жобасын жаңа құрылымдық көрсеткіштермен толықтыру бойынша ұсыныстар болса, субъект бастапқы тізбе жобасына көрсеткіштерден төмен жаңа жолдар қосады.

"1-жыл" – "5-жыл" деген бағандарда уәкілетті органның ведомствосы жеке X-факторлардың әзірлеуді бастаған жылдың алдындағы бес жылдық кезеңнің әрбір жылына құрылымдық көрсеткіштердің мәндерін көрсетеді.

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
6-қосымша
Нысан

Ұқсас субъектілердің топтарын айқындауда және жеке X-факторларды есептеуде қолдануға арналған құрылымдық параметрлердің маңыздылығы

Табиғи монополия саласы			
Көрсетілетін қызметтің атауы			

Талданатын кезең			
Басталуы			
Аяқталуы			
Атауы	1 - құрылымдық параметр	... құрылымдық параметр	S-құрылымдық параметр
1	2	3	4
Маңыздылық белгісі			
Құрылымдық параметрлерді жою (0 - құрылымдық параметр алынып тасталады, олай болмаған жағдайда -1)			

Ескертпе:

"Маңыздылық белгісі" деген жолда "маңызды" немесе "маңызды емес" деген құрылымдық параметр көрсетіледі.

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесіне
7-қосымша
Нысан

(реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы)

реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифтерін есептеу формуласында ескерілетін жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық көрсеткіштер тізбесі

№	Құрылымдық параметрдің атауы	Өлшем бірлігі
1	2	3
2		
3		
...		

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу әдістемесіне
8-қосымша
Нысан

Субъектілердің ұқсастығын статистикалық талдау нәтижелері

Бақыланатын шығыстарды тұтыну бағаларының индексі бойынша нақты мәнге келтіру: 20__ жылы ...%, 20__ жылы ...%, 20__ жылы ...%, 20__ жылы ...%	
ұқсас субъектілердің 1-тобы	
Табиғи монополия саласы	

Қызметтің атауы							
Қызметтер көрсететін субъектілердің жалпы саны (қуаттылығы аз және жаңадан құрылған субъектілерді есептемегенде)							
Деректері талдау үшін пайдаланылған субъектілер саны							
Талданатын кезең:							
Басы							
Соңы							
Ұқсас субъектілер топтарын анықтау және жеке Х-факторларды есептеу үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлер:							
1							
2							
3							
...							
Жыл	1 - құрылымдық параметр	2 - құрылымдық параметр	3 - құрылымдық параметр	...	Құрылымдық параметр	Нақты өрнектегі бақыланатын шығыстар, мың теңге	Есептік қалдықтардың орташа мәнінің нормаланған арақатынасы
1-субъект							
1-жыл							
2-жыл							
3-жыл							
...							
п-жыл							
2- субъект							
1-жыл							
...							
...							

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
9-қосымша
Нысан

Деректері жеке Х-факторларды бағалау кезінде пайдаланылатын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін ұқсас субъектілер топтарының тізбесі

Титулдық бетке қайтып оралу			
Табиғи монополия саласы			
Қызметтің атауы			
Талданатын кезең:			
Ұқсас субъектілер топтарын анықтау және жеке X-факторларды есептеу үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлер:			
1			
...			
№	1-топ	... топ	... топ
1	2

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
10-қосымша
Нысан

(реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы)

реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифтерінде ескерілетін субъектілер бөлінісінде есептік жеке X-факторларды есептеудің нәтижелері туралы қорытынды

Субъектілердің X-факторлары						
Табиғи монополия саласы						
Қызметтің атауы						
Қызметті көрсететін субъектілердің жалпы саны (қуаттылығы аз және жаңа құрылғын субъектілерді ескермегенде)						
Деректері талдау үшін пайдаланылған субъектілер саны						
Талданатын кезең:						
Басы						
Соңы						
Ұқсас субъектілер топтарын анықтау және жеке X-факторларды есептеу үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлер:						
1						
2						
3						
...						
n						
р/ с №	1-топ		... топ		... топ	
	Субъектілердің атауы	Жеке X	Субъектілердің атауы	Жеке X	Субъектілердің атауы	Жеке X

1	2	3	...			
1						
2						
...						

Тариф белгілеудің
ынталандырушы әдістерін
ескере отырып, тарифті
есептеу әдістемесіне
11-қосымша
1-нысан

Шығындар баптары бөлінісінде реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған

_____ (реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы)

_____ (субъектінің атауы)

статистикалық маңызды емес шығындарының тізбесі

Р/с №	Сомасы статистикалық маңызды емес деп танылған субъект мәлімдеген шығындар баптарының атауы	Өлшем бірлігі	Субъект мәлімдеген шығындар сомасы		
			1-жыл	...	жыл II мәлім
1	2	3	5	...	
		мың теңге			

Ескертпе:

"1-жыл" - "жыл"

II мәлім

бағандарында субъекті мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтің қолданылу кезеңі үшін деректер көрсетіледі. Бұл ретте, статистикалық тұрғыдан маңызды емес деп танылған, t жылы ішінде субъект мәлімдеген шығыстар сомасы көрсетілген ұяшық қызыл түспен (қызылмен боялып) белгіленеді.

2-нысан

реттеліп көрсетілетін қызметті _____ (реттеліп көрсетілетін қызметтің атауы) көрсетуге субъекті _____

14	Тұтынушылардың 1-тобына арналған тариф	Тг/м3																	
15	Өткен жылдағы тарифтің өсімі																		
16	Тұтынушылардың 2-тобына арналған тариф	Тг/м3																	
17	Өткен жылдағы тарифтің өсімі																		
18	Тұтынушылардың 3-тобына арналған тариф	Тг/м3																	
19	Өткен жылдағы тарифтің өсімі																		

Ескертпе:

* – Бекітілген тарифтік сметада көзделген

** – Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері